

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AOWA1017>

***М. С. Оразбек¹, С. С. Сагидуллиева²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0703-3142>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5971-0224>

*e-mail: makpal_zere@mail.ru

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫ МЕН МИФОПОЭТИКАЛЫҚ АСПЕКТ (ШЕТЕЛ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША)

Балалар әдебиетіндегі фэнтези жанры – балаларға арналған әдебиеттегі ерекше бағыт, ол жас оқырмандарды қиял әлеміне саяхатқа шығарады. Фэнтези жанрының басты ерекшелігі – шындыққа жатпайтын, бірақ логикалық құрылымға ие әлемдер мен оқиғаларды суреттеу. Грек философиясында фантазия ретінде дүниеге келген, бүгінгі күні біз түсінетін қиял ұғымы әртүрлі мағынаға ие және әртүрлі функцияларды қамтиды. Мақалада фантазия, фэнтези, сиқыр, қиял, екінші әлем түсініктерін әдеби түсіндірме сөздіктерден, философ Платон, Аристотельдің теориялық тұжырымдары, шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне шолу арқылы түсіндірілді. Балаларға арналған фэнтези шетелдік және қазақ әдебиетіндегі ертегі-хикаялардың поэтикалық ерекшеліктерін, кейіпкерлер әлеміне, көркемдік жүйесіне мысал келтіре отырып талданды. Балалар әдебиетіндегі антропоцентризм көркемдік деңгейі де қарастырылады. Бұл барлық фантастикалық шығармаларға тән құбылыс. Қиял-гажайып шығармалардағы осындай антропоцентрлік құбылыстардың әрқайсысына тән белгілерді ажыраттық. Фантастикалық шығармаларда сиқырға ие және тылсым күшті игеруші әйел образында беріледі, бұл сиқырды меңгеру деңгейімен сипатталады. Қазақ және ағылшын әдебиетіндегі шығармаларда да осы құбылыстың берілу тәсілі мен жолы қарастырылды. Зерттеу барысында герменевтикалық,

компаративистикалық, салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылды.

Кілтті сөздер: Балалар әдебиеті, фэнтези жаңыры, мифопоэтика, мифтік таным, ұлттық құндылық, психоаналитикалық талдау, қиял-фантазия.

Кіріспе

Фэнтези ұғымы көркем шығармашылықтағы қиялдың ұшқырлығы деген мағынаны береді. Қиял ұғымы-философия тарихында көптеген контекстік өзгерістерге ұшыраған ұғымдардың бірі. Алғашқы тұжырымдамалар Ежелгі Греция философиясында орын алады. Алайда, φαντασία (фантазия) ретінде туылған ұғым ежелгі грек философиясында қазіргі қиялдан түсінетінімізден басқа мағыналар мен функциялар бар. Фантазия – фантазма жалпы «көрінетін ету» дегенді білдіреді және фантазеин етістігінен шыққан. Ежелгі грек философиясында Платонға дейін қолданылған ұғым. Бірақ Платон алғаш рет гносеологиялық пікірталасқа енгізген. Алайда Платон зерттеулерінде фантазия ұғымының нақты анықтамасы жоқ. Платон ойлау, қабылдау және фантазия ұғымдарын жанның пайда болуымен байланыстырады. Платон «Ион» диалогында көркем шығармашылықтағы мистикалық теорияны дамытты. Ол шығармадағы ұшқыр қиялмен бейнеленген образдарды Жаратушының еркімен тудырады деп санады. Ұстазы Сократтың сөзімен Гомер шығармашылығын жоғары бағалаған Ионға берген жауабында: «Өйткені, ақындар бізге бал жинаған аралар сияқты Музаның кейбір бақтары мен тоғайларындағы бұлақ көздерінен жинағандай ән жинап, бізге қалықтап ұшып әкеледі. Сондай-ақ олар шындықты айтады, өйткені ақынның жеңіл болмысты, қанатты және қасиетті, Құдай шабыттанғандырғанда ақыл-ойын жоғалтады; және осы уақытта ғана (шығарманы) жаратады. Ақыл-ой қалыпты адам ақындық қасиетке ие болып, шығармашылық жолын жасай алмайды және пайғамбарлық құра алмас» [1, 69-б.] деп ақынның шығармашылық акт кезіндегі күйін, шығарманы жарату ерекшелігін ешқандай заңдылыққа бағынбайтын құдайлық ерекше күш-қуат, шабыт (одержимость) деп түсіндірді. Платон шығармашылық қиялдың жемісі болып саналатын өнер дүниесінің (музаны) адам өміріне тән шындықты бейнелеу ерекшелігін құдайдың қуатымен берілетін ой (божественное одержимость) ретінде Сократ пен Ионның пікірлері арқылы ұсынды.

Ал, Аристотель болса фантазияға сезім мен ой арасына қиялдың қалыптастыру әрекетін жатқызады. Аристотель бұл фантазияға тән белгісіздікті былайша тұжырымдайды: бірақ жан дүниесінде жеке бөліністер бар деп есептесек, қиял бөлігі (фантастикон) қайсысымен бірдей, қайсысымен ерекшеленетінін оңай ажырата алмаймыз [2, 83-б.].

Сонымен қатар, «The Realms of Fantasy: Aristotle on the Phenomenality of Mental Imagery» [3] еңбегінде Аристотельдің адам психологиясындағы фантазияның танымдық күшінің сенсомоторлық өлшемі мен тәжірибелік сипаты қарастырылады. Автор екі негізгі талапты алға тартады. Біріншіден, фантазияны тәжірибелік (қайта) әрекет ету қабілеті, бұл фантазияның күшін іске қосу жағдайлары ретінде (феноменальды түрде) дененің белсендіру үлгілерінен тұратын (физикалық) желіден тыс сенсорлық тәжірибелер. Нақтырақ айтсақ, автор бұл дене өзгерістері болғандықтан, қиял өткен тәжірибелерді (мысалы, есімізде болғанда) немесе мүмкін, ойдан шығарылған немесе бір реттік тәжірибелерді (мысалы, күту, қиялдау және армандау) қайталауға арналған сенсомоторлы нұсқаулар болып табылады деп тұжырымдайды. Екінші талап – фантастиканы түсіндіру кезінде формат пен мазмұн арасындағы кез-келген айырмашылық мазмұнды шындыққа айналдыру проблемасының құрбаны болады.

Соңғы онжылдықтарда фэнтези (қиял) жанры балалар әдебиетінде кең дамып, танымал бола бастады. Мұндай шығармалардың танымал болу құбылысы көбінесе оның жанрлық ерекшелігіне байланысты. Ғалымдар фэнтези жанрының қалыптасуы мен дамуын мифтік шығармалар негізінде қарастырады. Ескі хикаят пен аңыздар желісінде елін қорғаушы батыр қаһармандар мен жалғыз көзді дәу, аруак, екінші әлемге саяхат, жануарлардың адами қабілеттерге ие болуы суреттеледі. Жалпы жанр XV ғасырда қалыптасты деген пікір бар. Фантастика жанры ғылыми фантастикадан өзгеше. Ғылыми фантастика ғарыштық әлемге, белгілі бір теориялық негізге сүйенсе, көркем шығармалардағы фантастика шындыққа жанаспайтын, адам қиялының ең биік шыңында ғана кездесетін образдар мен қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге негізделіп, жеңіл әрі қарапайым тілмен беріледі.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Фантазия [грек. *phantasia*] зат. 1. *Адам қиялының идеалды қайта құрушы мүмкіншілігі мен байланыстысы*. Қиял мен фантазияның синонимдер ретінде пайдаланылатындығына қарамастан, оларды ажырата түсіндіруге де болады (Мәдени-филос. энци. сөзд.). *Фантазия* деп көбінде нақты шындықта кездеспейтін, таза ойдан туған нәрселерді айтады. Ал қиял дегеніміз нақты шындықта бар алғашқы бейнені ой арқылы жетілдіру, дамыту нәтижесінде пайда болатын идеалды бейне жасау процесін білдіреді (Мәдени-филос. энци. сөзд.). 2. *әдеб. Ақын, жазушының көркемдік қиялы*» [4, 105-б.].

Ғалым Р. Нұрғалидің «Философиялық сөздігінде»: Фантазия (лат. *phantasia* – психол. бейне, қиял жемісі) – қалыптасатын ұғымдар мен бейнелердің айрықша күштілігі, айқындығы мен ерекшелігі көрініс беретін қиял [5, 450-б.].

М. Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде «Фантазия – өмірдің гүлді, көрікті болуының түпкі дінгегі. Фантазия ақылды кеңітеді. ...фантазия құлықты түзейді» [6, 273-б.] деп анықтама береді. Осы тұжырым балаларға арналған фэнтези туындыларының негізгі идеясы мен тақырыптық арнасын ашып тұрғандай.

«Әдеби терминдер мен ұғымдар энциклопедиясында» фантастика туралы: «Фантастика (грекше phantastike – қиялдау, елестету өнері) – автордың біртүрлі әдеттен тыс, қисынсыз құбылыстарды бейнелеуден бастап ерекше – ойдан шығарылған, шындыққа жанаспайтын, «ғажайып әлем» жасауға дейін созылатын көркем әдебиет түрі... Фантастиканың поэтикасы әлемнің екіге көбеюімен байланысты: суретші не өзінің заңдылықтары бойынша өмір сүретін өзінің керемет әлемін модельдейді (бұл жағдайда мәтіннен тыс қалған нақты «анықтамалық нүкте» жасырын түрде болады: «Гулливердің саяхаты», 1726, Дж.Свифт, «Күлкілі адамның арманы», 1877, Ф. М. Достоевский) немесе параллель екі ағымды – нақты шын болмыс пен тылсым болмысты жаңғыртады» [7, 1119–1120-бб.] деп түсіндірген. Демек, қазіргі фэнтези жанрының табиғатындағы «екінші әлем» немесе «тылсым әлем» мен сиқырлы күштердің бейнелену ерекшелігін айқындайды деп батыл айтуға болады.

Орыс зерттеушісі П.В.Королюкова қиял мен әдеби ертегі жанрларының аражігін ажырату туралы зерттеуінде олардың негізгі жанр ретінде қалыптасудағы басты белгілерін атап көрсетеді. Фэнтези жанрының айрықша ерекшеліктері осы салыстырмалы тәсілмен айқын көрінеді: «Қиял – «қаһармандық» фантастиканың немесе «қылыш пен сиқыр фантастикасының» («қылыш пен сиқыр») синонимі. Басқаша айтқанда, фантастика қиялда да, ғылыми фантастикада да ұсынылған, бірақ ол алғышартты негіздеу тәсілімен ерекшеленеді: ертегі баяндау мен қиялға дәстүрлі түрде табиғаттан тыс принцип «табиғи» әлемдік тәртіптің бөлігі болып табылатын және сипатталған шындық моделі үшін «әдеттегі» болып саналатын шығармалар жатады» [8, 61-б.].

Әдебиеттанушы және қазіргі заманғы әдеби сөздіктің авторы С. Чупринин «қиял-ғажайып әдебиеттің жалпы белгісі – бұл өмір табиғат пен қоғамның заңдарымен емес, сиқырмен анықталатын жаңа әлемдерді тудырады» деп санайды [9, 617-б.].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жүргізілді. Фэнтези мен сиқыр арасындағы байланыс пен ерекшеліктер қарастырылды. Фэнтези жанрының теориялық тұжырымдарына тоқталып, қазақ және ағылшын жазушыларының шығармаларынан нақты мысалдармен талданды. Талдау барысында герменевтикалық, компаравистикалық,

салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері қолданылды. Герменевтикалық зерттеу әдісі – мәтінде суреттелген оқиға барысын, әр түрлі көріністерді, қазақ жазушылары мен ағылшын жазушыларының шығармаларындағы мистикалық ұғымдар мен бейнелерді, екінші әлемді, тылсым оқиғаларды талдау және екі халықтың ұлттық мәдени коды мен танымындағы ерекшелікті түсіндіру, компаравистикалық талдау – ағылшын және қазақ жазушыларының шығармаларындағы оқиғалар мен кейіпкерлерді салыстыра талдау, салыстырмалы-тарихи әдісі – поэтикалық ерекшеліктер мен көркемдік идеясын тану мен мифтік мотивтерді анықтауда тарихи тұрғыдан қарастыруда қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ балалар әдебиетінде фэнтэзи жанры қиял-ғажайып ертегілерден бастау алады. «Ер Төстік» ертегісінде жер астындағы жылан Бапы ханның елінің бейнеленуі жер бетіндегі өмірден басқа екінші «тылсым әлемнің» суреттелуін айқындаса, «Жылан қабықты жігіт» ертегісінде болмысы бөлек жылан қабықты жігіттің өмірге келуі және қарлығаш болып ұшып кетуі, сүйген қызы Нұрсұлумен кездескенде алып қыранға айналып, оны үстіне қондырып ұшуы және Нұрсұлуға жолда кездескен Гүлістан патшасының қызы Маржанды Қара дәуден құтқаруы қазіргі фэнтэзи жанрына тән ерекше болмысты бейнелеу мен мистикалық құбылыстардың суреттелуін көрсетеді.

«Қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі көркемдік жетістіктің бірі – ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан санамақ, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, өтірік өлең, ертегі, аңыз-әңгіме, әңгіме жанрларының барлығы дерлік кездесетіндігі болса, фэнтэзи – бүгінгі балалар әдебиетіндегі жанрлық ізденіс. Мұның өзі қазіргі балалар әдебиетінде қалыптасқан дәстүрдің заңды жалғасымен жаңашылдықты көрсетеді. Ақын-жазушылар балаларға арналған шығармаларымен отбасын, отанын, елін, қоршаған табиғатты сүйетін ұрпақ қалыптастыруға үлес қосуда» [10, 274-б.].

Ағылшынның белгілі жазушысы, филолог Дж. Рональд Рүэл Толкин «О волшебном сказке» деп аталатын еңбегінде фэнтэзи жанрына тән ертегілік сиқырлы әлемнің суреткер санасында пайда болуы мен шығарманың поэтикалық әлемін байытудағы рөлі туралы: «Адамның санасы іс жүзінде жоқ заттардың психикалық бейнесін жасауға қабілетті. Бұл қабілет табиғи түрде қиял деп аталады (немесе деп аталған). Бірақ соңғы уақытта (ауызекі, қарапайым тілде емес, ғылыми-техникалық тілде) қарапайым бейнелерді жасаудан гөрі қиялға жоғары функциялар жатқызылды, бұл белгілі бір адамның көркем өнертабысқа бейімділігі болып саналды (бұл «қиял ойыны» немесе ежелгі ұғым қиял). Осылайша, «фэнтэзи» сөзінің мағынасын шектеу әрекеті, менің ойымша, бұл заңсыз әрекет болып табылады, демек «жалғанға шындықтың ішкі логикасын беру мүмкінді» деген мағына береді» [11] – деп

шығармашылық қиялдың іс жүзінде жоқ «ерекше болмысты», «тылсым дүниені» немесе «екінші әлемді» суреттеу барысында жазушының оған шындық қасиетті дарыта бейнелеп, адам өміріне қатысты ақиқатты айқындай алатынын түсіндіріп берді.

«XX ғасырдағы ағылшын әдебиетінің энциклопедиялық сөздігінде» ағылшын әдебиетінде фэнтэзи жанрының пайда болуы мен оның қалыптасуына, жанрлық ерекшелігіне жан-жақты тоқталған. Оны зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ағылшын әдебиетіндегі маңызын, мақсатын атап көрсетеді: «Фэнтэзи – 20 ғасырда ағылшын-американ әдебиеттануында кеңінен танымал жанр. Фэнтэзиді «ромэнспен» жиі байланыстырады. Ромэнс сияқты фэнтэзи де ағылшын әдебиетіне аллегориялық дәстүрмен енді (Дж.Беньянның «Путь паломника в небесную страну» 1678 ж.). Американдық жазушы Н.Готорн ромэнсті реалистік бейнелеуге қарсы романикалық роман деп атады. Фэнтэзи жанрын зерттеген белгілі ғалымның анықтауы бойынша, Фэнтэзи оның бар екеніне «екінші сенім» тудыра алатын «екінші әлемді» сипаттауымен ерекшеленеді (Дж. Р. Р. Толкин). Фэнтэзи кейіпкерлері – «көзге көрінетін жандар», олардың ішкі әлемі сыртта, өйткені әлсіз және осал денеге қарағанда олардың жаны күшті және батыл (К.С. Льюис). Фэнтэзидің дамуы көбінесе квестпен, яғни ізденумен, жол іздеумен байланысты (quest ағылшыннан аударғанда «жол», «іздену», «міндет») оның қажеттілігі әдетте сыртқы жағдайға емес, кейіпкердің ішкі мотивациясына байланысты. Фэнтэзидің мақсаты – күнделікті өмірдің артында жасырылған әлемді зерттеу» [12, 464-б.]. Көріп отырғанымыздай, фэнтэзи ағылшын әдебиетінде шындық өмірдің артына жасырылған өмірді суреттеу арқыл шын өмірдің қулығы мен сұмдығын, залымдығын қопара ашатын жанр екенін көреміз. Осы еңбекте ағылшын әдебиетінде орта ғасырдағы Король Артур мен рыцарлардың өмірін аллегориялық тәсімен бейнелейтін Э. Спенсердің «Феялардың ханшайымы» (1590) шығармасынан бастау алатын фэнтэзи жанры XIX ғасырда Макдональдтың кельт мотивінде жазылған жас жігіттің ертегілер еліне кетіп, үйіне оралуы туралы оқиғаны бейнелейтін «Фантасты, сказочный ромэнс» деп аталатын романымен байланыстырады. Ағылшын әдебиетіндегі фэнтэзидің гүлдену дәуірін теолог және филологтар Ч. Уильямстың, К. С. Льюистің және Дж. Р. Р. Толкиннің еңбектерінде айтылғандай 30–40 жылдармен байланыстырады. Қазіргі ағылшын фэнтэзиінің жанрлық құрылымында белгілі бір мифологиялық жүйенің канондарын ұстануды анықтайды, соның негізінде өз мифтері жасалады.

Соңғы кездері балалар аудиториясында ең көп оқылатын шығарма – Дж. К. Роулингтің «Гарри Поттер» туралы кітаптар циклі. Олардың танымалдылығының дәлелі фан-клубтардың пайда болуы, осы кітаптарға

пародиялар жасау, оқырмандар арасында танымал кітаптар рейтингіндегі алғашқы позициялар және мерзімді басылымдар беттеріндегі пікірталастар, пәнаралық сипаттағы ғылыми зерттеулер болды, олардың объектісі мен талдауы қиял жанрының туындылары болды.

Сиқыр мен қиял атмосферасы – ХХ және ХХІ ғасырлардағы шығармаларға тән белгі. Бұл шынайы әлемнен алшақтататын, жаңа жаратылыстар мен кейіпкерлерді елестетуге, олардың шытырман оқиғалары туралы білуге мүмкіндік беретін нәрсе. Ең бастысы, мұндағы тылсым әлемдер қазіргі уақытқа параллель немесе қарапайым нақты заттардың арасына жасырылған сияқты.

Бұқаралық әдебиеттің маңызды функцияларының бірі – эскапизм функциясы. Жанрдың айрықша белгісі, ол мәтіндердің жанрлық сипаттамаларымен байланысты екінші әлем шарты. Қазіргі ойдан шығарылған әлемге өту қажеттілігі оқырмандардың жас ерекшеліктеріне байланысты.

Ағылшын жазушысы Джон Айкеннің «Бәліш және аспан қиқымы», «Бриджиттің етігі», «Жаңбыр тамшысынан жасалған алқа» әңгімелерінде бас кейіпкерлері сиқыр күшімен аспан әлеміне саяхаттап, табиғаттың тылсым күштері, сиқырлы сөздер арқылы мекенін (орын) ауыстырады.

«Бәліш және аспан қиқымы» туындысында бәліш қамырына аспаннан түскен бір тамшы қиқым ерекше сиқыр күш береді. Бәліш ерекше жеңіл калыпта ұша алады.

«Аспанның бір қиқымы түсіп кеткендіктен бәліштің жеңілдегені соншалықты, ол пеш үстінен ұшып шығып, ас үйде ұшып жүрді. Ал, кемпір бәлішті ұстамақ болғанда, есік ашылып, бәліш бақшаға ұшып кетті. Оның соңынан секір! – деп айқайлады кемпірі шалына. Ол бәлішке қарай секірді, оның артынан же де секірді. Бірақ бәліш жеп-жеңіл болып көтеріле бастады» [13, 141–143-бб.]. Осылайша кемпір, шал, үйрек, мысық, тау ешкі ыстық бәлішпен әр түрлі мекендерді аралап, әбден суыған тұста теңізге қонады. Бұл таза табиғи құбылыстардың сиқырын суреттейтін туындылардың бірі.

Ал, «Бриджиттің етігі» әңгімесінде Бриджит есімді жас тігінші қыз таңертең үйінің артында сұлы ботқасын жеп отырғанда ботқасына үлкен шегіртке түсіп кетті. Бриджит тамағына түсіп кеткен шегірткені қасығымен алып тастады. Өзін құтқарғанына риза болған шегіртке тігінші қызға гауһар тасты сиқырлы етік сыйлады. «Оң аяқтағы етіктің гауһар тасы өте көне әрі қымбат еді. Ол Шөл даланың көзі деп аталады және ол қалаған жеріңе апара алады. Ол үшін оң аяғыңызбен жерді теуіп, бірден тілек айту керек. Түсінікті ме?

Ал, сол аяқтағы кебістегі гауһар тас туралы көп білмеймін, сондықтан сол аяғыңызды тепкілемеңіз. Бір сәтте Бриджит бүкіл қаланы аралап, әрең

дегенде демін басып, сарайдың алдына лезде келді» [13, 148-б.]. Бриджит сарайда ханшайымның тапсырысын орындауға келген. Ол ханшайымның жылап отырғанын көріп, оның мысығын жоғалтып алғанын естіп, сиқырлы етігінің көмегімен айдаһар алып кеткен мысығын тауып алып келді. Осылайша ханшайымға көмектесті.

Бұл туындыда лезде орын ауыстыратын сиқырлы етіктен басқа, алып дәу айдаһар суреттеледі. Бұл әлем ертегілерінің барлығына тән жағымсыз кейіпкер бейнесі. Бриджиттің жалқау бауыры Сүлеймен сиқырлы етікті қайдан алғанын сұрап, айдаһардың ұясынан етікке жабысып келген теңгелерді көріп, оңай олжа тапқысы келіп, сол аяғын тепкілеп айдаһарға келіп, оның жанында қалып қойды. Осы бір сиқырлы ертегілік образдарды суреттей отырып, автор адам өміріне тән шындықты аңғартады. Ата-анасынан айырылған жетім балалардың өміріндегі оқиға адамды бей-жай қалдырмайды. Жаны таза, бауырмал, еңбекқор Бриджит күндіз-түні тігін тіксе де кедейлікпен өмір сүрді. Тіпті аяғында етігі де жоқ еді. Бірақ жұмыс істемесе де әдемі киінуді жақсы көретін бауырын киіндіріп, оған қамқор болды. Гауһар тасты сиқырлы етігін бауыры киіп кеткенде де ол етігін емес, жоғалып кеткен бауырын уайымдады. Тағдыр сондықтан да оған жомарт болды. Ол өз бақытын кездестірді. Шығарма кейіпкері Бриджит баланың көңіліне аяушылық пен жылулықты ұялататыны сөзсіз.

«Жаңбыр тамшысынан жасалған алқа» туындысында сиқырлы алқа арқылы Лаура есімді қыз басқа әлемге саяхаттайды. Екінші елге дейін саяхат жасаған кішкентай Лаура өзінің сиқырлы алқасына жету жолында әр түрлі жануар, аңдармен де тілдеседі. Балаларға арналған туындылардың көпшілігінде жануарлар адами қабілетке ие болады. Балаларға жан-жануардың тірі тіршілік иесі екенін түсіндіруде тиімді тәсіл. Қиялға негізделген болса да, оқырман сол қабілетке сеніп, жануарларға деген құрмет, жақсы көру сезімі оянады.

Ағылшын әдебиетіндегі үй хайуандарын суреттейтін шығарманың бірі Энн Файнның «Қарақшы мысықтың күнделігі» туындысы. Бұл әңгіме жас қыз Эллидің аптаның жеті күнінде Таффи атты мысығының басынан кешкен оқиғаларын мысықтың өзінің баяндауымен суреттейді. Таффи көршінің көрі қоянының өліміне кінәлі емес екенін дәлелдейді. Себебі Таффидің өзіндік мінезі бар, ақылы бар. Ол көршілердің үй хайуанаттарының барлығын таниды. Өзі сияқты мысықтармен дос. Мысық болған жайларды өзіне тән эмоциямен қызықты баяндайды. Шығармада мысықтың іс-әрекеті емес, адамдардың әрекеті мен мінезі күлкі тудырады. Ең қызығы мысықтың көзімен адамдардың өміріндегі келеңсіз жағдайлар, адамға тән емес қылықтар мен ақымақтықтары суреттеледі. Демек адам мінезі мен әрекетіне тән шындық мысықтың ойымен ашылады.

Қазақ әдебиетінде балаларға арналған фэнтези шығармалар тәуелсіздік жылдарынан кейін ғана таныла бастады. Баян Болатханованың «Мәңгілік ел» әңгімесінде аспан серігі жұлдыздың адам келбетіне ауысып, құбылуы берілген. «Біздің үйдің терезесі ашық екен. Балконға шығып қарап тұрғанмын, кенет аспан жап-жарық боп кетті. Екі жұлдыз балконның терезесінен ішке кіріп, қалықтай қонды. Дәл жанымнан әдемі саз ойнады. Кәдімгі «Балбырауын», «Ата толғауы» күйлері бірінен соң бірі ойнап жатыр. Жұлдыздар сұлу қыз бен сымбатты балаға айналды. Қазақтың ұлттық киімін киіп алыпты. Тек өздерінің түрі де, киген киімі де күміс тәрізді» [13, 63-б.].

Аспан әлемінен келген Құрыш қыз бен Құрыш жігіт және бас кейіпкер кішкентай Арсен қазіргі таңдағы өзекті қазақ тілінің жағдайын қозғайды. Ғарышқа саяхат жасап, қазақтың өткен алып тұлғалары мен болашағына көз жүгіртеді. Шығарма авторының «екінші әлемді», аруақтар өмір сүретін әлемді бейнелеуі арқылы қазақ ұлтының мәдениетіне, өнеріне, ұлттық құндылықтарына, қазақ тілінің болашағына алаңдауы байқалады. Бұл мақсатты автор сиқырға, қиялға негіздеп бейнелейді. Ол әлемде барлығы қазақ тілінде сөйлейді. Ал мына қазақ ұлты өмір сүретін елде ұлт тілі емес, көрші елдің тілінің салтанат құрып тұрғаны туралы ақиқатты жеткізеді. Фэнтези жанры қиял әлеміндегі мистика арқылы шындықты бейнелейтін ерекше жанр болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдерде барлық жарқын, ерекше және ғажайыпқа деген ұмтылыс ересектерге қарағанда үлкен қарқындылықпен көрінеді. Бұл балалар әдебиетіндегі қиял-ғажайып шығармалардың танымалдылығының тағы бір себебі болады.

Жас жазушы Нұрбек Нұржанұлының «Қар перизаты» әңгімесінде табиғат күші немесе ертегі кейіпкері Қар перизаты Ая мен Саяның терезесіне әдемі оялар мен гүлдер салып, қыраулайды. Туындыда қиял арқылы жансыз, табиғат құбылысын жанды (адами қабілет) етіп суреттейді. Қыстың сәні аяз, ызғырық салқынды балаларға тартымды, әсерлі етіп жеткізеді.

«– Сен қайдан келдің, қар перизаты? – деді даусын шығара.

– Мен ертегі әлемінен келдім! – деді сырттағы суретші.

– Сая, естідің бе, ол ертегі әлемінен келіпті, – деді Ая сіңлісіне» [13, 111-б.].

Жансыз нәрсеге тіршілік белгісін тудырған Қадыр Мырзалиевтің «Балшықұлы Балшықбай» атты ертегісінде Айбала балшықтан қуыршақ жасап, жан бітіреді. Балшықбай балаға тән ессіздік, тентектігін бейнелейді. Шығарма соңында ғана Балшықбай балаларға тәртіпті болуды насихаттап, жақсылыққа бағыттайды. Қуыршаққа жан бітіруді мифтік тұрғыдан түсінуіміз керек. Ежелгі кезеңде табылған қуыршақтарды еске түсірер болсақ, адам қуыршақты қозғалу қабілетімен қамтамасыз етуге деген ұмтылысын ғана емес, сонымен қатар қуыршақтың жанды өмір көрінісін беруге тырысқанын

көреміз. Қадыр Мырзалиевтің «Балшықұлы Балшықбай» ертегісінде адам-жаратушы, өмірді жасаушы тақырыбын қозғайды.

Алайда, сиқыр – бұл автордың балаларды қызықтыру үшін жасаған тартымды тәсілі. Бұл оқырманды ғажайыптың ерекше атмосферасына тартып және шындықтан бір мезет алыстап, қиялға ерік берулеріне көмектеседі. Бірақ балалар оқырмандары үшін сиқырлы бастамадан басқа, кітаптың басты кейіпкері маңызды рөл атқарады. Ол «біздің заманымыздың батыры» деп аталатын бала мен жасөспірім үшін өмірлік бағдардың мысалы, қандай болу керек екендігі туралы нұсқаулық. Кішкентай оқырман оның бейнесін сынап көреді, өзін онымен салыстырады. Егер басты кейіпкердің әрекеттері оқырманның ойы тұрғысынан дұрыс болса, онда ол оған қызықты болады, оған еліктейді, өзін тәрбиелейді.

Сонымен қатар, кейіпкер қарапайым, түсінікті болады, ал егер бұл кейіпкер оқырман жасына сәйкес болса, шығарма сәтті болады. Сондықтан жас оқырмандарға бүгінде Гарри Поттерге артықшылық беру таңқаларлық емес. Өйткені, бас кейіпкер мектеп жасындағы жасөспірім кезінен бастап сурттеледі.

Сиқырлы әлемнен шыққан мифтік кейіпкерлер (оқырман тұрғысынан) жақсы, жағымды образдар алады. Олар зұлымдықпен күресуге қабілетті. Мұндай кітаптардың жас жанкүйерлері бүгінде қиял-ғажайып жанрдағы шығармаларды оқып қана қоймай, сүйікті кейіпкерлеріне еліктеп қана қоймай, оларға ұқсағысы келеді. Балалар мен жасөспірімдер өздерінің бейнесін сынап, жарияланған кітаптарға негізделген мәтіндерді өздері құрастырады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитеті қаржыландырған 2023 жылғы «03» тамыздағы №269-23-25 келісімшарт бойынша АР19679524 «Қазіргі қазақ прозасындағы қалалық балалар типологиясы және ұлттық ментальдік (ағылшын әдебиеті мен қазақ әдебиеті шығармаларын салыстыру)» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жазылды.

Қорытынды

Қиялдың жанрлық белгілерінде белгілі бір бейнелер мен сюжеттерді жалғастыру, «ойлау» мүмкіндігі бар. Фэнтези жанры балалар әдебиетінде балалардың қиялын дамытуға, әлемді тануына, құндылықтарды ұғынуына мүмкіндік береді. Мифопоэтикалық аспектілер, өз кезегінде, халықтық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау мен насихаттауда маңызды рөл атқарады. Шетел және қазақ әдебиеті арасындағы салыстыру балалар әдебиетінің байлығын және әртүрлілігін көрсетеді.

Балалар әдебиетіндегі фэнтези жанрының ерекшелігі шындыққа сәйкес келмейтін, қызықты әрі тартымды әлемді ойлап табу. Шығарманың бас кейіпкерлері ерекше қабілеттерге ие болып келеді. Мәселен, жоғарыда талдаған шығармалардағы Лаура мен Бриджеттің ұшу қабілеті, мысықтың сөйлеуі, қар перизатын көруі, Құрыш қыз бен Құрыш жігіт. Бұл туындылардың достықты, адалдықты, зұлымдықпен күрес, адамгершілік құндылықтарды насихаттайды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Асмус, В. Ф.** Античные мыслители об искусстве. Сборник высказываний древнегреческих философов писателей об искусстве. Издание второе. Дополненное [Текст]. – Москва : Государственное издательство «Искусство», 1938. – 275 с.

2 **Canver, Murat Dinç.** Aristotle on Phantasia [Text]. // *Entelekyia Logico-Metaphysical Review* 4. – 2020. – no. 1. – p. 79-93

3 **Campeggiani, Pia.** The Realms of Fantasy: Aristotle on the Phenomenality of Mental Imagery [Text]. – London : Routledge, 2023. – 344 p. // DOI: <https://doi.org/10.4324/9781003147459-4>

4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том [Мәтін]/ Құраст.: А.Жаңабекова, Т. Жанұзақ, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы, 2011. – Т. 15: – Ү-Я. – 828 б.

5 Философиялық сөздік [Мәтін]/ Құраст.: Р. Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 1996. – 525 б.

6 **Жұмбаев, М.** Шығармалар – 2, 3-т. [Мәтін]. – Алматы : «Білім», 1996. – 512 б.

7 **Королькова, П. В.** К вопросу разграничения фэнтези и литературной сказки [Текст] // Вестник МГУ. Серия: Филология. – 2011. – № 1. – С. 61.

8 Литературная энциклопедия терминов и понятий [Текст]/ Под ред. А.Н. Николюкина. – Москва : НПК «Интелвак», 2001. – 1600 с.

9 **Чупринин, С.** Русская литература сегодня: Жизнь по понятиям [Текст]. – Москва, 2007. – 182 с.

10 **Орда, Г., Аскарова, Г.** Қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі дәстүр ұласуы [Мәтін]/ Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Серия: Филология ғылымдары. – 2021. – 1, 1(75), – Б.268-275. DOI: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.46>

11 **Толкин, Дж. Р. Р.** О волшебных сказках. // [Электронный ресурс]: URL: <https://fairypot.narod.ru/story/Tolkien.htm> (Қаралған күні: 16.11.2024)

12 Энциклопедический словарь английской литературы XX века [Текст]/ Ред.: А.П. Саруханьян; Ин-т мировой литературы им. А. М. Горького РАН. – Москва : «Наука», 2005. – 541 с.

13 Таңғажайып оқиға. Қазақ және ағылшын жазушыларының әңгімелері [Мәтін]. – Астана : «Арда+7» баспасы, 2024. – 256 б.

References

1 **Asmus, V. F.** Antichny`e my`sliteli ob iskusstve. Sbornik vy`skazy`vaniy drevnegrecheskix filosofov pisatelej ob iskusstve. Izdanie vtoroe. Dopolnennoe [Ancient thinkers about art. A collection of statements by ancient Greek philosophers and writers about art. The second edition. Augmented] [Text]. – Moscow : Gosudarstvennoe izdatel`stvo «Iskusstvo», 1938. – 275 p.

2 **Canver, Murat Dinç.** Aristotle on Phantasia [Text]. //Entelekyia Logico-Metaphysical Review 4. – 2020. – no. 1. – p. 79-93

3 **Campeggiani, Pia.** The Realms of Fantasy: Aristotle on the Phenomenality of Mental Imagery [Text]. – London: Routledge, 2023. – 344 p. – <https://doi.org/10.4324/9781003147459-4>

4 Qazaq әдеби тілінің создігі. Он бес томды`қ. 15-том [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 15] [Text]/ Qurast. : A. Zhanabekova, T. Zhanuzak, B. Abilqasy`mov zhane t.b. – Almaty`, 2011. – T. 15: – Y-Ya. – 828 p.

5 Filosofiyaly`q sozdik [Philosophical dictionary] [Text]/ Qurast.: R. N. Nurgaliev, G. G. Aqmambetov, Zh. M. Abdildin. – Almaty` : «Qazaq e`nciklopediyasy`» baspasy`, 1996. – 525 p.

6 **Zhumabaev, M.** Shy`garmalar – 2, 3-t. [Works – Vol. 2, 3.] [Text]. – Almaty` : «Bilim», 1996. – 512 p.

7 **Korol`kova, P. V.** K voprosu razgranicheniya fe`ntezi i literaturnoj skazki [On the issue of distinguishing fantasy and literary fairy tales] [Text] // Vestnik MGU. Seriya : Filologiya. – 2011. – № 1. – P. 61.

8 Literaturnaya e`nciklopediya terminov i ponyatij [The literary Encyclopedia of terms and concepts] [Text]/ Pod red.: A.N. Nikol'yukina. – Moscow : NPK «Intelvak», 2001. – 1600 p.

9 **Chuprinin, S.** Russkaya literatura segodnya: Zhizn` po ponyatiyam [Russian Literature today: Life according to Concepts] [Text]. – Moscow : 2007. – 182 p.

10 **Orda, G., Askarova, G.** Qazirgi qazaq balalar adabietindegi dastur ulasuy` [Continuation of traditions in modern Kazakh children`s literature] [Text]/ Abai aty`ndagy` QazUPU Khabarshy`sy`. Seriya: Filologiya gy`ly`mdary`. – 2021. – 1, 1(75), – P. 268-275. – <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.46>

11 **Tolkin, Dzh. R. R.** О volshebny`kh skazkakh [About fairy tales]. // [Electronic resource] : URL: <https://fairypot.narod.ru/story/Tolkien.htm> (Qaralghan kuni : 16.11.2024)

12 E`nciklopedicheskij slovar` anglijskoj literatury` XX veka [The Encyclopedic Dictionary of English literature of the twentieth century] [Text]/ Red. : A. P. Sarukhan`yan; In-t mirovoj literatury` im. A.M. Gor`kogo RAN. – Moscow : «Nauka», 2005. – 541 p.

13 Tangazhajy`p oqiga. Qazaq zhane agy`lshy`n zhazushy`lary`ny`n angimeleri [An amazing story. Stories of Kazakh and English writers] [Text]. – Astana : «Arda+7» baspasy`, 2024. – 256 p.

18.11.24 ж. баспаға түсті.

17.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*М. С. Оразбек¹, С. С. Сагидуллиева²

^{1,2}Евразийский национальный

университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 18.11.24.

Поступило с исправлениями 17.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

ЖАНР ФЭНТЕЗИ И МИФОПОЭТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ В ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ (ПО ЗАРУБЕЖНОЙ И КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ)

Жанр фэнтези в детской литературе – особое направление в детской литературе, которое отправляет юных читателей в путешествие в мир фэнтези. Главной особенностью жанра фэнтези является описание миров и событий, которые нереальны, но имеют логическую структуру. Рожденная в греческой философии как фантазия, концепция воображения, которую мы понимаем сегодня, имеет разные значения и включает в себя разные функции. В статье объяснялись понятия фэнтези, магии, второго мира из литературных толковых словарей, теоретических выводов философа Платона, Аристотеля, обзора трудов зарубежных и отечественных исследователей. Детское фэнтези было проанализировано на примере поэтических особенностей сказок и рассказах в зарубежной и казахской литературе, мира персонажей, художественной

системы. Также рассматривается художественный уровень антропоцентризма в детской литературе. Это явление характерно для всех художественных произведений. Выделили характерные черты каждого из таких антропоцентрических явлений в фантастических произведениях. В фантастических произведениях магия передается в образе женщины, обладающей магией и обладающей мистической силой, для которой характерен уровень овладения магией. В произведениях казахской и английской литературы был рассмотрен способ передачи этого явления. В исследовании использовались герменевтические, компаративистические, сравнительно-исторические методы анализа.

Ключевые слова: Детская литература, жанр фэнтези, мифопоэтика, мифическое познание, национальная ценность, психоаналитический анализ, фэнтези-фантазия.

*M. S. Orazbek¹, S. S. Sagidulliyeva²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 18.11.24.

Received in revised form 17.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

FANTASY GENRE AND MYTHOPOETIC ASPECT IN CHILDREN'S LITERATURE (BASED ON FOREIGN AND KAZAKH LITERATURE)

The fantasy genre in children's literature is a special trend in children's literature that sends young readers on a journey into the world of fantasy. The main feature of the fantasy genre is the description of worlds and events that are unreal, but have a logical structure. Born in Greek philosophy as fantasy, the concept of imagination that we understand today has different meanings and includes different functions. The article explained the concepts of fantasy, magic, the second world from literary dictionaries, theoretical conclusions of the philosopher Plato, Aristotle, a review of the works of foreign and domestic researchers. Children's fantasy was analyzed using the example of poetic features of fairy tales and short stories in foreign and Kazakh literature, the world of characters, and the artistic system. The artistic level of anthropocentrism in children's literature is also considered. This phenomenon is typical for all works of art. The characteristic features of each of these anthropocentric phenomena in

fantasy works have been highlighted. In fiction, magic is conveyed in the image of a woman who possesses magic and possesses mystical power, which is characterized by a level of mastery of magic. In the works of Kazakh and English literature, the method of transmitting this phenomenon was considered. Hermeneutical, comparative, and comparative historical methods of analysis were used in the study.

Keywords: Children's literature, fantasy genre, mythopoetics, mythical cognition, national value, psychoanalytic analysis, fantasy.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz